

**«8D02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Жүзбаева Ұлданай Дүйсенқызының «Әбул-Фидан» «Тақуим әл-Бұддан» еңбегі Азияның тарихи географиясының дереккөзі»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескергуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі; бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі; 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағыттын көрсету) келеді.	Диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасында ғылымды дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағыттарына, соның ішінде «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» бағытына толық сәйкес жүргізілген. Диссертациялық жұмыста өз дәуірінің көрнекті білім иелерінің бірі ретінде танылған, әртүрлі мемлекеттік және қоғамдық қызметтерді атқарған, сондай-ақ бірқатар ғылыми салаларда елеулі еңбектер қалдырған сириялық ғалым әрі мемлекет қайраткері Исмаил ибн Али ибн Махмуд ибн Мухаммад ибн Омар ибн Шахиншах ибн Аюбтың (Әбул-Фида, лақап аты – әл-Мамун) ғылыми мұрасы кешенді түрде зерттеледі. Ғалымның «Тақуим әл-Бұддан» (араб. تقويم البلدان , қаз. «Елдерді жүйелеу») атты еңбегі негізінде Меуереннахр, Хорезм, Түркістан өңірлері, бірқатар қалалар, сондай-ақ теңіздер мен мұхиттар тарихи география тұрғысынан жан-жақты талданады. Сонымен қатар зерттеу барысында географиялық саяси, идеологиялық, әлеуметтік және өзге де факторлардың ықпалын анықтау мақсатында Әбул-Фидаға дейін өмір сүрген және оның еңбегінің қалыптасуына негіз болған

			<p>географтардың туындылары, сондай-ақ Азия аймақтарына қатысты мәтіндер қарастырылады.</p> <p>Зерттеу үдерісінде қолданылған тарихи-географиялық, мәдениеттанушылық, деректанушылық, семантикалық-этимологиялық және салыстырмалы талдау әдістері Таяу және Орта Шығыс, Оңтүстік Еуропа, Қытай сияқты өңірлер мен елдердің тарихи географиясына тән ерекшеліктерді анықтауға, сондай-ақ аталған еңбекте қамтылған сан алуан топонимдердің халықтар тарихы мен мәдениетіндегі орнын айқындауға мүмкіндік берді.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған /ашылмаған.	<p>Зерттеу қазақстандық шығыстану, тарих, география аймақтану және ғылымдары саласының дамуы үшін елеулі маңызға ие. «Такуим әл-Бұлдан» еңбегіндегі орталық тақырыптардың бірі - Орталық Азия даласы, оны мекен еткен этностар, қалалар, мәдени және әлеуметтік ерекшеліктер. Сондай-ақ, Орталық Азия өңірінің Үндістан, Қытай және мұсылман әлемімен өзара байланыстары аналитикалық тұрғыдан талданады. Бұл зерттеу Қазақстанның және көршілес елдер мен халықтардың тарихи қалыптасуының маңызды кезеңдерін жан-жақты түсінуге ғылыми негіз береді.</p> <p>Ізденушінің диссертациялық зерттеу аясындағы өзіндік жазу деңгейі жоғары. Зерттеу жұмысында қойылған зерттеу мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруда алынған нәтижелердің ішкі бірлігі бар, аяқталған жұмыс болып табылады. Барлық ақпараттар дербес және түсінікті, мағыналық құрылымды сақталған. Тақырыпқа сай ғылыми еңбектер, бағдарламалық құжаттар мен түрлі дереккөздерді сараптау негізінде жүргізілген зерттеу нәтижесінде алынған тұжырымдар аталмыш зерттеудің маңыздылығын арттырады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған.</p>	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертация өзектілігін «Такуим әл-Бұлдан» – эмпирикалық деректерді, астрономиялық есептеулерді

	<p>1) негізделген;</p> <p>2) ішінара негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны тақырыбын айқындайды:</p> <p>1) айқындайды;</p> <p>2) ішінара айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды.</p> <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар;</p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p>	<p>және тарихи-географиялық талдауды біріктірген жүйелі ғылыми еңбек. Бұл шығарма XIII-XIV ғасырлардағы географиялық шындықты баяндап, сол дәуірдегі Азияның саяси-әкімшілік құрылымын, этнографиялық және экономикалық бейнесін айқындайды.</p> <p>Ізденуші диссертациясының мазмұны оның тақырыбын толық ашқан. Диссертацияның құрылымы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады.</p> <p>Кіріспеде автор зерттеу жұмысының өзектілігін, мақсатын және диссертациялық зерттеудің міндеттерін, зерттеу пәнін, теориялық және әдіснамалық базасын ашып көрсеткен.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына толықтай сәйкес келеді. Зерттеу нәтижесінде мақсатқа жету үшін қойылған және шешілген міндеттер логикалық түрде қалыптастырылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың барлық тараулары мен тұжырымдары толық өзара байланысты. Ішкі бірлігі айқын, ғылыми талдаулар мен тұжырымдар бір-бірімен логикалық тұрғыдан сабақтастықта берілген.</p> <p>Диссертант ұсынған жаңа тұжырымдар дәлелді, бұрыннан белгілі тұжырымдармен салыстырылып, сыни талдау жасалған. Жан-жақты талдау жүргізілген.</p>
--	---	--

	<p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	
<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа болып табылады. Отандық тәжірибеде зерттеу жұмысы алғаш рет ғылыми талдау пәні ретінде қарастырылған. Осылайша оның құрылымы мен мазмұны кешенді түрде зерделеніп, нәтижесінде зерттеу мақсаты айқындалған.</p> <p>Жүргізілген зерттеу нәтижесіндегі диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады. Салыстырмалы талдау мен деректанулық зерттеулер нәтижесінде Әбул-Фиданың еңбегі тарихи-географиялық мұраның көрнекті үлгісі ретінде бағаланды. Оның ғылыми құндылығы тек тарихи деректерді жинақтаумен шектелмей, ортағасырлық Азияның саяси ойы, әкімшілік тәжірибесі және этнографиялық бейнесін зерттеуге пәнаралық әлеует ұсынады. Бұл еңбектің кешенді зерттелуі тарих, география, этнография және исламдық мәдениет салаларындағы болашақ зерттеулер үшін маңызды ғылыми база қалыптастырады.</p> <p>Қойылған мақсаттар мен міндеттерге жету үшін қолданылған техникалық және технологиялық шешімдер жаңа болып табылады және толықтай негізделген.</p>	

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда салмақты дәлелдемелерде негізделген және заманауи шетелдік және отандық зерттеулерге ресми мәлімдемелеріне сілтеме беру арқылы нақтылығы расталған. Зерттеудің іргелі базасын құрайтын деректердің кең ауқымы қолданылған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p>	<p>1-ереже («Тақуим әл-Бұлдан» еңбегін Азияның тарихи географиясы бойынша дербес дереккөз ретінде қарастыру)</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме? Дәлелденді. Ереже диссертация мәтінінде деректанулық және салыстырмалы талдау арқылы негізделген.</p> <p>7.2 Тривиалды ма? Жоқ. Бұған дейін бұл еңбек дербес тарихи-географиялық дереккөз ретінде жүйелі түрде қарастырылмаған.</p> <p>7.3 Жаңа ма? Иә. Ереже отандық ғылыми айналымға жаңа ғылыми тұжырым ретінде енгізілген.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі Кең. Тарихи география, шығыстану, аймақтану және исламтану салаларында қолдануға болады.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? Иә. Ереже диссертанттың жарияланған ғылыми мақалаларында негізделген.</p> <p>2-ереже (Еңбектің құрылымдық және әдіснамалық ерекшеліктеріне қатысты)</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме? Дәлелденді. Қолжазбаның құрылымы, кестелік жүйесі және</p>

	<p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) гар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>әдіснамалық негіздері талдау арқылы ашылған.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>Жоқ. Бұрынғы зерттеулерде бұл аспектілер үстірт қарастырылған.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>Иә. Еңбектің аналитикалық сипаты жаңа қырынан көрсетілген.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі</p> <p>Кең. Ортағасырлық география және картография тарихын зерттеуде қолданылады.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>Иә. Құрылымдық-әдіснамалық талдау жарияланған мақалаларда көрініс тапқан.</p> <p>3-ереже (Сипаттамалық модельден аналитикалық ғылыми жүйеге көшу үдерісіне қатысты)</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>Дәлелденді. Астрономиялық есептеулер мен жүйелеу тәсілдері нақты мысалдармен көрсетілген.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>Жоқ. Бұл тұжырым ислам географиялық ойының эволюциясын жаңа тұрғыдан түсіндіреді.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>Иә. Ғылыми айналымда сирек қолданылатын интерпретация ұсынылған.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі</p> <p>Орташа. Ғылым тарихы мен тарихи география салалары үшін өзекті.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>Иә. Ереже диссертанттың бірқағар ғылыми мақалаларында негізделген.</p>
--	--	--

4-ереже

(Орталық Азияның транзиттік және саяси-мәдени кеңістік ретіндегі рөлі)

7.1 Ереже дәлелденді ме?

Дәлелденді. Мәуереннахр, Хорезм және Түркістан бойынша деректер кешенді талданған.

7.2 Тривиалды ма?

Жоқ. Орталық Азияның рөлі жаңа деректік негізде қайта пайымдалған.

7.3 Жаңа ма?

Иә. Аймақтың тарихи-географиялық концептуализациясы жаңаша ұсынылған.

7.4 Қолдану деңгейі

Кең. Аймақтық тарих, геосаяси зерттеулер және мәдени байланыстарды зерттеуде қолданылады.

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

Иә. Бұл тұжырым диссертанттың бірнеше мақаласында жарияланған.

5-ереже

(Әбул-Фиданың мемлекеттік және діни қызмет тәжірибесінің деректік сенімділікке ықпалы)

7.1 Ереже дәлелденді ме?

Дәлелденді. Өмірбаяндық деректер мен мәгіндік талдау негізінде дәлелденген.

7.2 Тривиалды ма?

Жоқ. Ғалымның практикалық тәжірибесінің ғылыми мәніне әсері арнайы талданған.

7.3 Жаңа ма?

Иә. Бұл аспект бұрын жеке ғылыми тұжырым ретінде айқындалмаған.

7.4 Қолдану деңгейі

Орташа. Деректану және ғылым тарихы салалары үшін

		<p>маңызды.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>Иә. Ереже диссертанттың жарияланған мақалаларында негізделген.</p>
<p>8. Дәйектілік қағидағы.</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Әдіснамалық тұрғыда, зерттеу жұмысы ғылыми талаптарға толық сай жүргізілген. Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық базасы Азияның тарихи географиясының дереккөзі ретінде Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегін терең зерттеуге бағытталған тарихи-географиялық, мәдениеттанушылық, деректанушылық, семантикалық-этимологиялық және салыстырмалы талдау әдістерінің кешенінен тұрады. Тарихи ғылымның негізгі тәсілдері шеңберінде жұмыс тарихилық (historicism) қағидасына негізделеді. Бұл дереккөздерді XIII-XIV ғасырлардағы ислам әлемінің мәдени, ғылыми және зияткерлік дәстүрлері контекстінде, сол дәуірдің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып талдауды көздейді.</p>
<p>Дереккөздер мен ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p>	<p>Ізденушінің диссертациялық жұмысының нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Жұмыста ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы талдау, жүйелеу, топтау, концептуалдық тәсілдері пайдаланылған.</p>

	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Зерттеу жұмысынан алынған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдамалар жоғары оқу орындарында және арнайы білім беру мекемелерінде шығыстану, тарих және география мамандықтары бойынша оқу үдерісінде, сондай-ақ ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру және жобалық бағдарламалық бастамаларды іске асыру контекстінде қосымша методологиялық және деректік материал ретінде қолданылады. Диссертациялық зерттеудің нәтижелері мен қорытындыларын талдау тұрғысынан зерделеу болашақ географтардың, этнографтардың, әлеуметтанушылардың, тарихшылардың және шығыстанушылардың зерттеу тақырыптарын тандауына, сондай-ақ жаңа ғылыми монографиялар мен мақалаларды дайындауына методологиялық және концептуалдық негіздер ұсынады.</p> <p>Маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы расталған.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша 130 әдебиет өңделген, яғни шолуға жеткілікті болып табылады. Алынған ақпарат зерттеуді жоспарлау барысында және алынған нәтижелерді талқылау барысында қолданылды.</p> <p>Зерттеудің теориялық маңызы жоғары. Зерттеу барысында қолжазбалардың құрылымы, мазмұны және ғылыми терминологиясы мәтінтанулық (текстологиялық) талдау әдістері арқылы зерттеледі. Қағарынан, «Такуим әл-Бұлдан»-дағы географиялық өңірлердің сипаттамаларын антикалық, ерте исламдық және ортағасырлық авторлардың шығармаларындағы ұқсас деректермен салыстыру компаративистік талдау арқылы жүзеге асырылады, бұл ұқсастықтар мен ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Деректанушылық әдіс маңызды рөл атқарады, ол</p>
<p>9</p>	<p>Практикалық құндылық қағидаты</p> <p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) бар;</p> <p>2) жоқ.</p>	


<p>мәтіндердің аутентикалық сипатын, бұрынғы еңбектерге сілтеме жасау дәрежесін, сыни бағалау деңгейін және алынған мәліметтерді адагтациялау тәсілдерін анықтауды қамтиды.</p>	<p>Зерттеу жұмысының практикалық маңызы бар. Диссертациялық зерттеудің нәтижелері мен қорытындыларын талдау тұрғысынан зерделеу болашақ географтардың, этнографтардың, әлеуметтанушылардың, тарихшылардың және шығыстанушылардың зерттеу тақырыптарын тандауына, сондай-ақ жаңа ғылыми монографиялар мен мақалаларды дайындауына методологиялық және концептуалдық негіздер ұсынады.</p>
<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ. 	<p>Диссертанттың практикалық ұсыныстарының жаңалық дәрежесі жартылай жаңа, сенімді және ғылыми негізделген болып табылады.</p>
<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 	<p>Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі Азияның тарихи географиясы бойынша тарихнамалық әдебиетте бұрын тиісті деңгейде қамтылмаған тәуелсіз дереккөз ретінде жүйелі түрде алғашқы рет салыстырмалы талдауға ұшырады. Азия өңіріне ерекше назар аударып отырып, аталған еңбектің құрылымы мен әдістемесінің жан-жақты сипаттамасы ұсынылды. Бұған дейінгі зерттеулермен салыстыра отырып, географиялық сипаттамалардың ерекшеліктері анықталды. Сондай-ақ, Азия құрлығындағы бірқатар өлкелердің тарихи географиясы нақтыланды және олардың әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық өмір салаларының жаңа қырлары айқындалды.</p>
<p>10. Жазу және ресімдеу сапасы</p>	<p>Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>
<p>11. Диссертацияға ескертулер</p>	<p>Диссертациялық жұмыс мазмұнының ғылыми деңгейі</p>

	<p>жоғары болғанымен, зерттеуді одан әрі жетілдіру мақсатында бірқатар принципиалды емес ескертулер жасауға болады.</p> <p>Біріншіден, тарихи географияның теориялық-әдіснамалық мәселелеріне арналған бөлімдерде (әсіресе тарихи географияның қалыптасуы мен бағыттарына арналған шолу сипатындағы тұстарда) шетелдік және отандық зерттеулер кең қамтылған. Осы бөлімдерде автордың дербес аналитикалық позициясын жекелеген тұжырымдар арқылы айқынырақ көрсету зерттеудің теориялық салмағын арттыра түсер еді.</p> <p>Екіншіден, диссертацияда қолданылған терминологиялық аппарат негізінен бірізді. Алайда арабша түпнұсқа ұғымдардың қазақ тіліндегі баламаларын қолдану барысында жекелеген терминдерге қысқаша анықтамалық нақтылау енгізу мәтіннің түсініктілігін арттыра түсер еді.</p> <p>Аталған ескертулер диссертациялық жұмыстың жалпы ғылыми құндылығына әсер етпейді және ұсынылған зерттеудің теориялық-әдіснамалық деңгейі мен практикалық маңызын төмендетпейді.</p>		<p>Зерттеу нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда барлығы 10 ғылыми мақала түрінде жарық көрді. Оның ішінде 1 мақала Скопус (Scopus) базасына кіретін басылымда, 9 мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қаматамасыз ету комитеті ұсынған басылымдар тізіміне кіретін журналдарда жарияланды.</p> <p>Бұл жарияланымдар доторанттың тақырыпты терең меңгергенін және нәтижелерінің ғылыми құндылығын растайды.</p> <p>Зерттеу тақырыбының өзектілігі негізделген, мақсаты мен міндеттері орындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы жоғары деңгейде дәлелденген.</p>
		<p>12. Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>	
			<p>13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>

		<p>Жұмыс құрылымы жүйелі, әдіснамасы негізді, тұжырымдары сенімді. Рецензенттің шешімі бойынша, аталған диссертация қорғауға ұсынылады және диссертант Жүзбаева Ұлданай Дүйсенқызын «8D02209 - Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеледі.</p>
--	--	---

Ресми рецензент:

Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Теология факультетінің деканы
философия ғылымдарының кандидаты, профессор



(қолы)

